



**«Мерейлі» жекеменшік балабақшасы 2025-2026 оқу жылы
Әдістемелік кеңес жоспары**

Мақсаты: Педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру. Оқу-тәрбие процесін жақсарту, инновациялық технологияларды енгізу. Балабақшадағы білім беру үдерісінің сапасын арттыру.

Міндеттері: Педагогтардың біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру.

Жаңа педагогикалық технологияларды зерделеу және енгізу. Оқу-тәрбие жұмысының әдістері мен мазмұнын жетілдіру.

Іс-шара	Орындалу мерзімі	Аяқталу нысаны	Жауапты
Педагогтардың әдістемелік кеңесінің отырысы			
№1 Әдістемелік отырыс (ӨО) 1. 2025-2026 оқу жылына әдістемелік кеңесі жұмысының мақсаттары және міндеттерімен танысу. 2. Педагогтардың топтағы құжаттарына, папкаларға зерделеу жұмыстарын жүргізу 3. 1 қыркүйек-Білім күні, «Балабақша-жайлы мекен!», «Тілім менің- тірегім!» тақырыбында өткізілген тақырыптық іс-әрекеттерінің қорытынды анықтамасы	Қыркүйек	Хаттама	ӘК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері
№2 Әдістемелік отырыс 1. Іс-тәжірибеден: «Қазақ топтарда қазақ тілі іс – әрекеттерінің жүргізілуі» 2. Тәрбиешілермен тренинг ойындар. «Мейірімді болса жүрек, орындарлар тілек» 3. «Тәуелсіз елім-Қазақстан» тақырыпты оқу іс-әрекетінің, «Қош келдің, Жаңа жыл» ертеңгілігінің қорытынды анықтамасы	Қаңтар	Хаттама	ӘК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері
№3 Әдістемелік отырыс 1. Кеңес: «Тіл дамыту және көркем әдебиет үйе бала тілін дамытудағы ролі» 2. Ұйымдастырылған іс-әрекеттері: коммуникативтік ортаңғы, ересек топ, қоршаған әлеммен таныстыру кіші топ 3. «Ана-біздің гүліміз», «Наурыз-жыл басы» ертеңгіліктердің және «Мен ғарышкер боламын» іс-әрекеттердің, наурыз, сәуір айларында өткізілген тексерулердің және байқаулардың қорытындысы.	Наурыз	Хаттама	ӘК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері
№4 Әдістемелік отырыс 1. Дөңгелек үстел: «Бір жыл бойы не үйрендік?» 2. Педагогтармен іскерлік ойындар «Жұбымыз жарасқан әріптестерміз» 3. Тәрбиешілердің қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттері 4. Бірлік күні «Береке-бірлікте, ырыс-ынтымақта», Отан қорғаушылар күні «Біз Отанның сарбазы», Жеңіс күні «Ешкім де, сшқашан да ұмытылмайды» ертеңгіліктердің қорытынды анықтамасы.	Мамыр	Хаттама	ӘК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері

Күтілетін нәтижелер:

Педагогтардың кәсіби біліктілігі артады.

Оқу-тәрбие процесінің сапасы жақсарады.

Жаңа әдістер мен технологияларды қолдану арқылы балалардың дамуына оң әсер етеді.

**«Мерейлі» жекеменшік балабақшаның әдістемелік кеңестің
№1 хаттамасы**

Күн тәртібі:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік кеңес жұмысының мақсаттары мен міндеттерімен танысу.
2. Педагогтардың топтағы құжаттары мен папкаларына зерделеу жұмыстарын жүргізу.
3. 1 қыркүйек – Білім күніне арналған іс-шаралар: – «Балабақша – жайлы мекен!», «Тілім менің – тірегім!» тақырыбындағы іс-әрекеттердің қорытындысы.

Тыңдалды:

1-мәселе: «Мерейлі» жекеменшік балабақшаның бойынша директоры З.И.Эбиева сөз сөйледі. Ол 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің негізгі мақсаттары мен міндеттеріне тоқталып, педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру, оқу-тәрбие процесіне инновациялық технологияларды енгізу қажеттігін атап өтті.

2-мәселе: «Мерейлі» жекеменшік балабақшаның бойынша психологы С.И.Эбиева педагогтардың топтық құжаттарын жүргізу туралы айтылды. Педагогтардың топтық құжаттары мен жұмыс папкаларын жүйелеу, құжаттардың талапқа сай жүргізілуі туралы айтылды.

3-мәселе: бойынша Білім күніне арналған іс-шаралардың қорытындысы жасалды. 1 қыркүйек – Білім күніне орай өткізілген «Балабақша-жайлы мекен!» тақырыбындағы іс-шаралардың нәтижелері қорытындыланды.

Сөйлегендер:

Педагогтар ұсыныстарын білдірді, оқу жылы барысында әдістемелік жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу қажеттігін айтты.

Қаулы етті:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған Әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Барлық педагогтарға топ құжаттарын талапқа сай жүргізу тапсырылсын.
3. Білім күніне арналған іс-шаралар қанағаттанарлық деп бағалансын.
4. Әдістемелік жұмыстар жылдық жоспарға сәйкес жүргізілсін.

Төрайымы:



З.И.Эбиева

Хатшы:



С.И.Эбиева

**«Мерейлі» жекеменшік балабақшаның әдістемелік кеңестің
№2 хаттамасы**

15.01.2026 жыл

жаңаөзен қаласы

Күн тәртібі:

1. Іс-тәжірибеден: «Қазақ топтарда қазақ тілі іс – әрекеттерінің жүргізілуі» жауапты директор З.И.Эбиева
2. Тәрбиешілермен тренинг ойындар. «Мейірімді болса жүрек, орындалар тілек» жауапты психолог С.И.Эбиева
3. «Тәуелсіз елім-Қазақстан» тақырыпты оқу іс-әрекетінің, «Қош келдің, Жаңа жыл» ертеңгілігінің қорытынды анықтамасы

Тыңдалды:

1. **Мәселе бойынша:** «Мерейлі» жекеменшік балабақшаның директоры З.И.Эбиева қазақ топтарда қазақ тілі іс – әрекеттерінің жүргізілуі барысы талқыланды. Тәрбиешілер ұйымдастырылған оқу қызметінде балалардың тілдік қорын дамыту, дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыру бағытында жүргізілген жұмыстар туралы баяндады.
2. **Мәселе бойынша:** «Мерейлі» жекеменшік балабақшаның психологы С.И.Эбиева тәрбиешілермен тренинг ойындар. «Мейірімді болса жүрек, орындалар тілек» тақырыбында тренинг ойындар өткізілді. Тренинг барысында ұжымдық қарым-қатынасты нығайту, мейірімділік пен сыйластық қасиеттерін арттыруға бағытталған жаттығулар жүргізілді.
3. **Мәселе бойынша:** «Тәуелсіз елім-Қазақстан» тақырыпты оқу іс-әрекетінің өтілу сапасы қаралды. «Қош келдің, Жаңа жыл» ертеңгілігінің ұйымдастырылуы мен өткізілу деңгейі талқыланып, қорытынды жасалды.

Сөйлегендер:

Тәрбиеші: Ұ.Жилкишева өз сөзінде ертеңгілік, іс-шара ұйымдастырылған жақсы тәрбиешілер тәжірибе жинады деді. Педагогтар бір ауыздан мақұлдады.

Қаулы етті:

1. Қазақ тілі іс-әрекеттерінің сапасын арттыру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Тренинг ойындар жүйелі түрде ұйымдастырылып отырсын.
3. Мерекелік іс-шараларды жоғары деңгейде өткізу жалғастырылсын.

Төрайымы:

Хатшы:



З.И.Эбиева

С.И.Эбиева

**«Данышпан балақай» жекеменшік балабақшаның әдістемелік кеңестің
№3 хаттамасы**

13.03.2026 жыл
қаласы

Жаңаөзен

Күн тәртібі:

1. «Тіл дамыту және көркем әдебиет – баланың тілін дамытудағы рөлі».
2. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер: коммуникативтік ортаңғы топ, қоршаған ортамен таныстыру (II кіші топ).
3. «Ана – біздің гүліміз», «Наурыз – жыл басы» ертеңгіліктері және «Мен ғарышкер боламын» іс-әрекеттері бойынша наурыз, сәуір айларында өткізілген тексерулер мен бақылаулар қорытындысы.

Тыңдалды:

1-мәселе «Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасының әдіскер М.А.Туякова баяндама жасап, тіл дамыту және көркем әдебиеттің мектепке дейінгі жастағы балалардың сөздік қорын байытудағы, байланыстырып сөйлеуін қалыптастырудағы маңызын атап өтті. Көркем шығармаларды жүйелі оқу арқылы балалардың ойлау қабілеті мен сөйлеу мәдениеті дамитыны айтылды.

2-мәселе «Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасының ортаңғы топ тәрбиешісі Қ.Клышбаева коммуникативтік ортада өткізілген ұйымдастырылған іс-әрекетке талдау жасады. II кіші топ тәрбиешісі Ж.Бакытова қоршаған ортамен таныстыру сабағының нәтижелері туралы есеп берді. Балалардың белсенділігі жоғары деңгейде екені атап өтілді.

3-мәселе бойынша әдіскер өткізілген ертеңгіліктер мен іс-шаралардың сапасына тоқталып, безендірілуі мен мазмұндық деңгейі талапқа сай ұйымдастырылғанын хабарлады.

Қаулы:

1. Тіл дамыту бойынша жұмысты жүйелі түрде жалғастыру және көркем әдебиет оқу сағаттарын көбейту.
2. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану.
3. Ертеңгіліктерді ұйымдастыру барысында ата-аналармен байланысты күшейту.

Төрайым:

Хатшы:



З.И.Эбиева

С.И.Эбиева

**«Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасы
2025/2026 әдістемелік кеңестің
«Бір жыл бойы не үйрендік?» атты дөңгелек үстел
№4 хаттамасы**

25 мамыр 2026 жыл

Жаңаөзен қаласы

Күн тәртібі:

Оқу жылының қорытындысы
Педагогтердің тәжірибе алмасуы
Іскерлік ойын «Жұмыста жарқыраған әріптесіміз»
Келесі оқу жылына ұсыныстар

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Әдіскер М.А.Туякова сөз сөйлеп, оқу жылы барысында атқарылған жұмыстарға тоқталды. Балалардың даму көрсеткіштері, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижесі және педагогтердің кәсіби жетістіктері айтылды.

2-мәселе бойынша:

Тәрбиешілер өз топтарындағы жетістіктер мен тиімді әдіс-тәсілдер туралы пікір алмасты. Жыл бойы қолданылған жаңа технологиялар мен ойын әдістерінің тиімділігі талқыланды.

3-мәселе бойынша:

Педагогтер арасында «Жұмыста жарқыраған әріптесіміз» атты іскерлік ойын ұйымдастырылды. Әріптестер бір-бірінің жақсы қасиеттері мен кәсіби шеберліктерін атап өтті.

4-мәселе бойынша:

Келесі оқу жылына арналған ұсыныстар қарастырылды. Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру және ата-анамен жұмысты жандандыру мәселелері көтерілді.

Қаулы етті:

Оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
Тиімді тәжірибелерді келесі оқу жылында жалғастыру ұсынылсын.
Педагогтердің кәсіби дамуына жағдай жасау жалғастырылсын.
Ата-анамен бірлескен жұмыстарды күшейту қолға алынсын.

Төрайымы:

у.м.а З.И.Әбиева

Хатшысы:

С.И.Әбиева